

Сөз әзірлеу.

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

Ленин тулы

ҚК(Б)П СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТ АТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(Б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№156 (8016) Жұма 10 август 1945 жыл Шығуына 27-жыл Және саны 20 тыйын

ЖАПОН ШАПҚЫНШЫЛАРЫ ТАЛҚАНДАЛАДЫ

Советтер Одағының Үкметі аса маңызды тарихи қарар қабылдады. Гитлер Германиясы талқандап, тізе бүккеннен кейін соғысты жүргізе беруді әлі күнге дейін жақтап отырған бір ғана Ұлы мемлекет Жапониямен бүгіннен бастап Советтер Одағы соғыс жағдайында отыр.

Үш Мемлекет—Америка Құрама Штаттарының, Ұлы Британия мен Қытайдың 1945 жылғы 26 июльде сөзсіз тізе бұғу туралы қойған талабына Жапония бас тартқаннан кейінгі жерде Совет Үкметінің бұл қадамы хажетті әрі орынды болып отыр. АҚШтың, Ұлы Британия мен Қытайдың бұл үндеуінде сөзсіз тізе бұғудан бас тартқан жағдайда үш Мемлекеттің Жапонияға қарсы өзінің барлық соғыс қуатын толық пайдаланатындығы және мұның «жапондардың қарулы күштерінің толық жойылып, жапон жерінің толық бүліншілікке ұшырайтындығын есептейтіндігі» Жапонияға ескертілген болатын.

Тізе бұғудан өзінің бас тартуы арқылы Жапония Қызыр Шығыстағы соғысқа ССРОның араласпауы жөнінде өзінің жасаған ұсынысының орынсыз және дерексіз қалдырып отыр.

Тізе бұғу туралы талап Жапонияға Берлинде үш Мемлекет—ССРОның, АҚШ пен Ұлы Британияның тарихи конференциясы болып жатқан кезде қойылған болатын. Жапония Үкметі бұл талапты қабылдамады. Жапония Үкметінің ұстаған жолы—өзінің шапқыншылық, тонаушылық жоспарларынан қол үзбеген шапқыншының ұстаған жолы, бұл жоспарларын орындау үшін Жапония Қызыр Шығыста соғыс ашты.

Егер Жапонияның билеп-төстеуші топ-

Гитлер Германиясының одақтасы ретінде Жапонияның ролі, Советтер Одағына гитлершіл қарақшылар тап берген кезде барлық жағынан толық көрінді. Жапон империализмінің саясаты, Советтер Одағын және оның одақтастарын Гитлер Германиясы жеңіп шығады деп есептеді. Жапонияның билеп-төстеуші топтары герман шапқыншыларына көмек көрсету арқылы өздерінің басқыншылық жоспарларын тез және толық жүзеге асыруға үміттенді. 1941 жылғы 8 декабрьде Жапонияның соғыс-теңіз және әуе күштері Америка мен Британияның Тынық мұхит тағы жеріне тұтқыйыдан тап берді.

Жапон шапқыншылары герман шапқыншылары сияқты қарақшылықпен, зұлымдықпен, аяандықпен әрекет жасады. Бұл қарақшылық қылықтарынан жапон империализмінің дағдылы әдісі көрінді. Тіпті Қытайдағы соғыстың ешбір ескертусіз-ақ басталғандығы және өте ұзақ уақытқа дейін жапон баспа сөзінің мұны «оқыйға» деп атағандығы жұрттың бәріне мәлім. Дәл осы сияқты соғысты ресми түрде жарияламай тұрып, бұдан 40 жылдан аса уақыт бұрын Жапония Ресейге тұтқыйыдан тап берген болатын. Жапон әскерлерінің қабылданған халықаралық ереженің бәрін бұзып, 1918 жылғы совет елінің Қызыр Шығыстағы жерін жаудан алып, Николаевскінің және біздің тағы басқа қалаларымыз бен селоларымыздың бейбіт халқын аяандықпен қырып-жойғандығы мәлім.

Жапон империалистері Тынық мұхитта соғыс ашып, герман қарақшылары сияқты тұтқыйыдан шабуыл жасау табысты болады деп есептеді. Бұл шапқын

кел үзді. Тек ғана Қызыр Шығыста жапон шапқыншылары әрекет жасады және әрекет жасауда, ол соғысты Ұзаққа созып, халықты тағы да таршылық пен бүліншілікке душар етуде.

Қызыр Армияның және одақтастарымыздың әскерлерінің бірлесіп күш жұмсауы нәтижесінде Гитлер Германиясы тізе бүкті. Бірақ бұл сабақ жапон шапқыншыларына жеткіліксіз болды, ол бостандық сүйгіш Ұлы халықтарды біріктіріп отырған одақтастар бірлігінің маңызы мен күшін көрне-көзге жете бағаламады. Қазір жапонның Қызыр Шығыстағы шапқыншылық ордасын тез арада жою туралы мәселе алға қатты қойылып отыр. Жапонияның тізе бұғудан бас тартқандығына байланысты, одақтастар соғыстың аяқталу мерзімін қысқарту, құранның мөлшерін азайту және жалпыға бірдей бейбітшілікті тезірек қалпына келтіру үшін жапон шапқыншыларына қарсы соғысқа қосылуды Совет Үкметіне ұсынды. Өзінің одақтастығынан айнымайтын Совет Үкметі бұл ұсынысты қабылдап, одақтас мемлекеттердің бйылғы 26 июльдегі мәлімдемесіне қосылды.

Жапон империализмі сөзсіз тізе бұғу туралы ұсынысты қабылдамай, шын жағдайды түсінгісі келмейтіндігіне, Жапонияның билеп-төстеуші топтарының жапон халқының мүдделерімен санаспай, әлді сансыз көп құрбандықтарға ұшыратты. Жапонияға Гитлер Германиясының көбін қиғізгелі отырғандығын бүкіл дүние жүзіне көрсетті. Мәселе жерді бейбітшілікпен шешуге ешбір мүмкіндігі жоқ мұндай жағдайда, Совет Үкметі 9 августтан бастап Советтер Одағының өзін Жапониямен соғыс жағдайында екендігін

Егінді тез және ысрапсыз жыйнап, астық және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі мемлекет алдындағы міндеттерді дер кезінде орындайық!

Воронеж облысының, Добринскі ауданының, Ильич атындағы Ленин орденді ау шаруашылық артелінің колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің Советтер Одағының барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне Үндеуі

Советтер Одағының Ұлы Отан соғысы фашистік Германияны толық талқандап оны сөзсіз тізе бүктірумен аяқталды, Совет халқы бұл ұлы жеңіске қаһарман Қызыр Армияның, данышпан көсеміміз, қолбасшымыз Советтер Одағының Генералиссимусы Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың басшылығы арқасында жетті.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында тылдағы колхозшылар—еректер мен әйелдер, қарттар мен жас өспірімдер бүкіл совет халқымен бірге дамылсыз еңбек етіп, Қызыр Армиямен өліміздің халымыз азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикі затпен үздіксіз жабдықтап отырды. Соғыстың қатаң сындары үстінде колхоз құрылысының күші, өмір тұлғасы екендігі ерекше айдын көрінді. Партия мен үкметтің колхоз құрылысына Сталиндік қамқорлық жасағанын, Совет шаруашының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жан қиярлық еңбегіне, отаншылдығына Сталин жолдастың жоғары баға бергенін балаларымыз бен немерелеріміз мәңгі есінде сақтайды.

Соғыстан бұрынғы жерде біз бірлесіп еңбек ете отырып, қоғамдық шаруашылықты барлық жағынан өркендеттік, әрбір колхозшының мәдениетті, ақпаратты өмір сүруін қамтамасыз еттік. Бұл жұмысы үшін біздің колхоз Ленин орденімен наградталды. Біздің артель үш жыл бойына қатарынан Бүкіл Одақтық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысты.

Біздің артельдің мүшелері соғыс күндерінде майданға көмектесу жөнінде Ұлы алдындағы борышын жақсы түсінді. Соғыс кезінің қиыншылықтарына қарамастан біздің колхоздың шаруашылығы ойдайдай өркендеді, мемлекетке астықты, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін жылдан жылға еселеп мол беріп отырды.

Өткен жылы мемлекетке астық тапсыру жоспарын біз мерзімінен бұрын орындап, МТСтың жұмысына заттай ақыны толық төледік, оның үстіне бйылғы жұмыстың есебіне 250 центнер астықты авансқа өткіздік. Мемлекетке ет, сүт, жүн, жұмыртқа тапсыру жоспарларын да біз асыра орындадық. Қызыр Армияның Жоғарғы Командованиесінің қорына 454 центнер астық бердік. Колхоз өткен

затты, ең алдымен астықты көп беру керек. Біздің борышымыз, біздің міндетіміз, міне, осы.

Бйыл біз көктемгі егіс жоспарын асырып орындадық, егінді бітім өсірдік. Біздің міндетіміз егінді тез және ысрапсыз жыйнау, мемлекетке астық, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттемелерді дер кезінде орындау болады.

Жолдастар, колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Сіздерді заводтар мен фабрикалардың жұмысшыларына үлгі ала отырып, егінді дер кезінде жыйнау, мемлекетке астық, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттемелерін дер кезінде жақсы орындау жолында Жеңіс хұрметіне Бүкіл Одақтық социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырамыз.

Бұл жарыста біз мынадай міндеттемелер қабылдап отырмыз:

1. Біздің колхозымызда 786 гектар дәнді егіс бар. Бұл егісті 14 жұмыс күні ішінде жыйнаймыз.
2. Астықтың ысрап болуына жол бермейміз. Көлік машинасымен, қолмен орман астықтың бәрін дереу баулап, айқастырып қалап, шөмеелеге салып отырамыз. Алғашқы күндерде бастырымайтын астықты маялаймыз. Аңызда қалған масақты ұқыптылықпен жыйнап аламыз.
3. Добринскі МТСы бізге егін жыйнауға бөлген «Сталинец» комбайнын жақсы пайдаланамыз: комбайнмен жыйналатын учаскені дер кезінде бөліп, комбайнға тәжірибелі колхозшыларды бекітіп қоямыз. Олар комбайннан астық түсіреді, оған су және жанар май тасыйды, егіннің комбайн жүретін жерін және айналасын орып отырады. Комбайнның тоқтаусыз жүріп, толық жұмыс істеуіне керекті шаралардың бәрін қолданамыз. Комбайн орган егіннің сабаны мен топанын дереу жыйнап алып отырамыз.
4. Егін орағы басталғаннан кейін бес күн өткенде астық бастыруға кірісіп, бүкіл астықты 25 күн ішінде бастырып аламыз. Біздің колхозға бекітілген МБ—1100 молотилкасына астық бастыратын тұрақты бригада бөлеміз. Қырманды дер кезінде әзірлейміз. Жауын болған күндерде астық бастыру үшін жабық қырман саламыз. Астықты тазартуға, кептіруге

тапсыруымыз керек. Бұл жоспарды сентябрьге дейін толық орындап, жұмыстары үшін заттай ақы рет 1.600 центнер астық өткіземіз.

7. Қант заводтарына шикі затты береміз. 30 гектар қызылша егісінен мінде 6 мың центнер өнім жыйнап, лекетке түгел өткіземіз.

8. Колхоз малын шөптен толық тамасыз өтеміз. Қысқа арнап 400 тонна шөп сүрлейміз. 24 гектар көп жыл шөптің тұқымдық егісінің өнімін үз жыйнаймыз.

9. 348 гектар күздік егісті дер кезінде егеміз. Таза парға тағы культуива жүргізіп, күздікті ең қолайлы мезгілге егеміз. Оған таңдаулы сортты тұқым беміз.

10. Осы жылғы 1 октябрьге дейін гектар зяб жыртамыз. Ауылдамы бойынша күн бағысқа, қант қызылша мен картопқа арналған бүкіл 200 гектар егіннің өнімін жыйналғаннан кейін азын түгелінен сыдыра жыртамыз.

11. Еңбек тәртібін берік ұстап Еңбекке жарайтын колхозшылар түгел егін жыйнауға шығып, күн саңтаң сәріден қас қарайалына жұмыс істейді. Жұмыстың барлық түрінде адамдарға және шағын тонка, зымыр кесімді ақылы жұмыс беру тәртібін қатаң қолданамыз. 80 балаға ясли ұстап, астық бастырып, егіс қостарын жабдықтауға қатысамыз.

12. Қызыр Армиядан босанып, жапон қайтып келе жатқан қымбатты ұшгерлерімізді жақсы қарсы ала олардың тұрмысына жақсы жағдай жасаймыз.

Жолдастар, колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Елімізге азық-түлік, өнеркәсіп шикі затты мол беріп, сүйікті отанды бұрынғыдан да нығайта беру мол үлес қосайық!

Социалистік бейбітшілік құрылысы даңбылдағы еңбекте жана табыстарға тіп Қызыр Армияның Ұлы жеңісімен бірге есейік!

Біздің жеңістерімізге дем берген, ұйымдастырушы болған Лениннің—Лениннің Ұлы партиясы жасады!

Қаһарман Қызыр Армиямыз жаса Халықтардың сүйікті Ұлы көсемі, дің атамыз, досымыз Советтер Одағы Генералиссимусы Сталин жолдасты

сеткен болатын. Жапония сол кездің өзін де-ақ өзін бейбітшілік сүйгіш халықтарға қарсы шапқыншылардың сойқандығына қатысушы ретінде көрсеткен болатын. 1936 жылғы 25 ноябрьда Жапонияның Германиямен бейбітшілік сүйгіш мемлекеттерге қарсы «Коминтернге қарсы нақт» деген атышулы одақ құрғандығы мәлім. Бұл екі елдің келісімі ақырында үш елдің шартына айналған болатын. Сонымен, шапқыншылар тобы құрылып, демократияшыл елдерге қарсы сойқаншылық ұйымдастырылды. Герман империализмі мен жапон империализмі өздерінің жоспарларында бүкіл дүние жүзін бөліске салып, бұл мақсат үшін дүние жүзілік соғыс бастады.

Сталин жолдас партияның XVIII съезінде жасаған баяндамасында былай деді: «Бірақ, соғыс ырыққа көпбейтін іс. Оны ешқандай жамылғымен жасыруға болмайды. Өйткені Жапонияның осы уақыт ішінде Қытайдың зор көлемді жерін жаулап алғанын, Италияның Абиссиния, Германияның Австрия мен Судет облысын, Германия мен Италия бірігіп Испанияны жаулап алғандығын фактысын, — осының барлығын шапқыншы емес мемлекеттердің мүдделеріне қарсы істеп отырғанын ешқандай «белдіктермен», «үшкүлдермен», «Коминтернге қарсы пактылармен» жасыру мүмкін емес. Соғыс сол соғыс күйінде, шапқыншылардың соғыс блогы—сол соғыс блогы күйінде, шапқыншылар сол шапқыншы күйінде қалды».

Совет Үкметінің Жапония Үкметіне мәлімдемесі

8 августа СССР Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов Жапония Елшісі Сато мырзаны қабылдап, оған Жапония Үкметіне тапсыру үшін Совет Үкметінің атынан мынадай мәлімдеме жасалды:

«Гитлер Германиясы талқандалып, тізе бүккеннен кейін соғыс жүргізе беруді әлі күнге жақтап отырған бірде-бір ұлы мемлекет Жапония болып отыр.

Жапондардың қарулы күштерінің сөзсіз тізе бүгуі туралы үш мемлекет—Америка Құрама Штаттарының, Ұлы Британия мен Қытайдың бйылығы 26 июльде қойған талабын орындаудан Жапония бас тартты, сонымен Жапония Үкметінің Қызыр Шығыстағы соғысқа араласпау туралы Советтер Одағына жасаған

мәлімдемесі орындалмағандығына қарамастан, Газет «одақтас екі елдің соғыстағы ынтымағы өздерінің соғыс қыймылдарын біріктіре жүргізу жолымен олардың соғыста неғұрлым нәтижелі болуына мүмкіндік берді» деп атап көрсетті.

Совет үкметінің бейтараптық туралы совет-жапон шартының күшін жою жөнінде 1945 жылғы 5 әпрелдегі мәлімдемесінде «Германияның одақтасы—Жапония Германияның СССРға қарсы соғысуына көмектесіп келеді. Оның үстіне Жапония Советтер Одағының одақтастары—АҚШ пен Англияға қарсы соғысуда» делінді.

Жапон империалистері өздерінің герман одақтастары сыяқты есебінен қатты жаңылды. Шапқыншылардың сойқандығына қарама-қарсы, Гитлер Германиясына қарсы әділетті соғыста ұлы одақтас тартып қуатты одағы өсті. Гитлершілдерге қарсы одақ өзінің алдына зор және хасиетті міндет—халықтарды фашистердің шапқыншылығынан құтқару міндетін қойды. СССРдың, Ұлы Британия мен АҚШтың жауынгерлік одағы өзінің төңірегінде барлық бостандық сүйгіш халықтарды топтандырды. Негізгі шапқыншы—Гитлер Германиясына қарсы күресте батыр Қызыл Армия өзін өшпес даңққа бөледі. Қызыл Армияның және одақтастардың айбынды әскерлерінің берген соққылары астында гитлершілдердің Европадағы блогы құл-талқан болды, атышулы «беддік» жеңіліске ұшырады. Гитлер Германиясынан оның барлық одақтастары мен сыбайластары бірте-бірте

на мүмкіншілік беретін бірден-бір тура жол деп есептейді» делінді.

Совет Үкметінің В. М. Молотов жолдас жасаған тарихи мәлімдемесі халықтар арасындағы бейбітшілік үшін күрестің Сталиндік саясатын даңышпаандық пен және тынғылықты түрде жүзеге асырып отырғандығын напаттайды. Совет халқы герман империализміне қарсы жүргізген өзінің қаһармандық күресімен өз Отанының намысын, тәуелсіздігі мен бостандығын сақтап қалып, Европа мәдениетін фашист сойқаншыларынан құтқарды. Қазір оның алдында—соғыстың тез арада аяқталуын және бүкіл адамзаттың мүддесі үшін бейбітшілікті қалпына келтіру үшін империалистік Жапонияны талқандауды одақтастарымызбен бірлесіп отырып аяқтау сыяқты жаңа тарихи міндет тұр. Социалистік Отанның мүддесі үшін, бостандық сүйгіш барлық халықтардың мүддесі үшін табандылықпен күрес жүргізуші өз үкметінің даңышпаандық қарарын совет халқы толығымен қоспайды.

Даңышпаң қолбасшы, совет халқының көсемі, Генералиссимус И. В. Сталиннің басшылығы арқасында совет халқы және өшпес даңққа бөленген Қызыл Армия өзінің Отан алдындағы борышын аброймен орындайды.

Жапон шапқыншылары талқандалады! («Правданың» 9 августағы басмақаласы).

ты, транспортты, қосарушылармен тезірек қалпына келтіру үшін, халқымыздың әл-ауқат дәрежесін мейлінше жақсарту үшін елімізде азық-түлікті, шикі

сының бригадирлері: П. Н. Новаленко, И. П. Балактионов, зверо бастығы О. М. Круцких, А. А. Дорофеева, колхозшылар П. К. Мавлина, Б. Г. тина, атшылар: И. А. Воробьева, М. Т. Телегин.

ЕҢБЕКШІЛЕР ҮКМЕТІМІЗДІҢ ҚАРАРЫ ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚОЛДАУДА

Жау біржолата құртылады

Жапон шапқыншыларына қарсы соғыс жариялау туралы Совет Үкметінің мәлімдемесі Петропавл қаласындағы Микоян атындағы ет комбинатының жұмысшы, ұжымшiлерi арасында зор өрлеу туғызды.

Таң ертеңгі сағат 8де БК(б)Ш Орталық Комитетінің партөргі Анохин жолдас жыйынға келген жұмысшылар арасында сөз сөйлеп, былай деді:

—Хасан көлі мен Халхингол маңындағы тарихи оқиғалар жапон сұмырайларының есінде мәңгі сақталарлықтай болған еді. Енді жапон империалистерін мүлдем жоятын уақыт жетті. Жапон соғыс құмарларына ауыздық салынады.

Совхоз жұмысшыларының серті

Мал совхоздарының облыстық тресіне қарасты совхоздардың жұмысшылары бйылығы бітік егінді дер кезінде, ысырапсыз жыйнап алуға, сонымен Қызыр шығыстағы соғыс құмар Жапонияның тез жойылуын жақындатуға әзірленуде. Мамлют және Токушин мал совхоздары облыста бірінші болып, комбайн жөндеу жұмысын аяқтаған еді. Бұлардан кейін тағы да 6 совхоз: Преснов, Приешім, Қызыл әскер, Торангүл, Буденный атындағы және Явленка совхоздары барлық

—Бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнату үшін шапқыншылықтың қалдығын біржолата құрту керек,—деді.—жыйында жас жұмысшы Баев жолдас.—Мен,—деді ол,—неміс-фашист басқыншыларға қарсы Отан соғысына қатыстым. Егер отан шақырса мен Жапонияға қарсы ұрысқа да барамын.

Жыйынға қатысып, сөз сөйлегендер үкметіміздің саясатын шын жүректен мақұлдады және шапқыншылықтың қалдығын біржолата құрту үшін Қызыл Армия мен Соғыс-теңіз Флотына стахановша жұмыс істеп, үлкен көмек көрсетуге берік сенім берді.

комбайн паркі егін жыйнауға толық әзір етті.

Қазір совхоздардың комбайн паркі тікелей егін басына апарылды. Енді екі-үш күннен кейін бұл комбайндармен қара бидай жыйнала басталмақ. Комбайншылар егін жыйнау кезінде Бүкілодақтық социалистік жарысты өрістете отырып, Жапонияға қарсы соғыс майданына үздіксіз көмектесуге міндеттенді.

Ш. АЙТПЕВ.

ЖЕҢІСТІ ШЫҢДАУ ҮШІН

Вольшаков жолдас партөрг болып істейтін Заводта жұмысшылардың жыйыны саяси зор өрлеумен өткізілді. Завод алдындағы үлкен алаңға жүздеген жұмысшылар жыйналып, олар Совет Үкметінің мәлімдемесін зейін сала тыңдады.

БК(б)Ш Орталық Комитетінің партөргі Вольшаков және қалалық партия комитетінің секретарі Суриков жолдасар жыйналғандарға Советтер Одағының Жапонияға қарсы соғыс жағдайында екендігі туралы хабарды естертті. Бұл хабарды завод жұмысшылары асқан зор жігермен

қарсы алды. Жыйында шығып сөйлеген жұмысшылар жапон шапқыншыларын талқандау жолынан ештеңе аямай тындықтарын білдірді.

Завод стахановшысы орденді Михаил Маргин жолдас жыйында сөз сөйлеп, былай деді:

—Мен сүйікті отанымыздың күш-қуатын арттыра беру жолында аянбай жұмыс істеймін. Еңбек өнімін үздіксіз арттырып, өндірілген продукцияның сапасы болуына ат салысамын. Смена сайын кемінде 2,5 мөлшер орындап отыруға міндеттенмін.

Алғашқы астық—мемлекетке

Петропавл ауданының еңбекшілерет Үкметінің Жапониямен соғыс жыйында екендігі жөніндегі қарарын шын жүректен қолдады. Олар Қызыл Армия жауға деген соққысын еселеп ету үшін майданға көмекті неғұрлым зор жорығына аттанды.

Қазір ауданның колхоздары қандай да бір қызу оруды. Қара бидай өріскен 24 колхозда 518 гектар қандай орылды.

«Земледелец» колхозының мәңгі жапон шапқыншыларының тез талқандалуын қамтамасыз ету үшін жыйнау жұмыстарының алғашқы ретінен бастап-ақ тыпбай жұмыс істеді. Олар 105 гектар қара бидай орып бастыруға кірісті. Бастырылған астық мемлекет қоймасына жөнелтілі. Кейбір колхоздарда қара бидай қарқынмен орылып, бастырылуына тіп алғашқы астық дереу мемлекетке жеткізілуде. Мәселен «Красный» колхозында 40 гектар қара бидай орып, оның 12 гектары бастырылған астықтың 15 центнері инияға қарсы соғыс басталған күнелекетке тапсырылды.

И. ЕГОР

Петропавл ауданының жер бөлімінгерушісі.

В.М. Молотовтың Ұлы Британия, Америка Құрама Штаттары және Қытай Елшілеріне мәлімдемесі

8 августа В. М. Молотов Ұлы Британия Елшісі сэр Арчибалд К. Керрді, Америка Құрама Штаттарының Елшісі В. А. Гарриман мырзаны және Қытай

Елшісі Фу Бин-Чан мырзаны қабылдап, оларға 9 августан бастап, Советтер Одағы мен Жапония арасында соғыс жағдайы

ын жариялау туралы Совет Үкметінің қарары жайында хабар берді. —Елшілер Совет Үкметінің мәлімдемесіне қанағаттанғандықтарын білдірді.

ЛЕНИН-СТАЛИН ПАРТИЯСЫ—СОВЕТ ХАЛҚЫНЫҢ ГИТЛЕРШІЛ ГЕРМАНИЯНЫ ЖЕҢҮГЕ ДЕМ БЕРУШІ ЖӘНЕ ОНЫ УЙЫМДАСТЫРУШЫ

Совет халқының неміс-фашист басқынларға қарсы Улы Отан соғысы біздің жеңісімізбен аяқталды.

Қызыл Армия мен одақтастарымыздың ийлары талқандаған Германия жеңулер алдына бас иіп, сөзсіз тізе бүгүрттарын қабылдауға мәжбүр болды. Соғыста советтік социалистік мемлекеттің күшінің мызғымас беріктігі, Отанымызды және бүкіл адамзатты Гитлер-күлдіршілер азат еткен еліміздің ийларының мақсаты әрі ұлы, әрі қатті екені бүкіл дүние жүзіне дағи ай көрінді. Сонымен, совет халқы гитлершіл Германияны соғыс және экономика жағынан ғана жеңіп қоймай, оның ийе, моральдық-саяси жағынан да жеңді.

Бұл тарихи жеңіске дем берген және ұйымдастырған. Бүкіл Одақтық коммунист (большевиктер) партиясы, данышын көсеміміз және қолбасшымыз Сталин жетекшілігімен. Большевиктер-партиясы бейбітшілік құрылыс жылдарында болсын, соғыс жылдарында болсын совет халқының жеңіс беруші, жетекші күші болды. Ленин—Сталин, партиясы, оның басшылығы социалистік мемлекетіміздің күшінің асқан зор қайнар бұлағы болып шығады.

Туысқан большевиктер партиясының (елі Советтер Одағының еңбекшілерінің) қында мызғымастай берік. Еңбекшілер оған деген сенімінде де ешбір шексіз. Партияның мұндай бедел мен сенім халықтың негізгі мүдделері үшін, еңбекшілердің жарқын, бақытты болашағы үшін сан жылдар бойына жүргізген рес арқылы қолы жетті. Большевиктер партиясының басшылығы арқасында еліміздің жұмысшылары, шаруалары мен теллигантиясы патша өкметін, аристократтар мен капиталистер өкметін күлдіріп, бостандыққа жетті, социалистік режим орнатты. Зұлмы және қатерлі жау Гитлер Германияны Отанымызға шауып жасаған қатерлі күндерде совет халқы большевиктер партиясының төңірегіне бұрынғыдан да берік топталды. Совет халқы Ленин—Сталин партиясы елімізді фашистік Германияны жеңуге жетекшілігіне берік сенді. Ал, партия халыққа бұл сенімді аброймен ақтады. Партия Фашистік Германияның тонаушылық қысықтарын, басқалардың жерін тартып алуы, басқа елдердің халықтарын бағындырып алуы көздейтінін әшкереледі.

ретті.

Большевиктер партиясының бұл еңбегі Советтер Одағының мыңдаған батырлары және миллиондаған ержүрек жауынгерлерін шығарды. Олар қаһармандығы, жүректілігі және соғысқа шеберлігі үшін үлкен ордендері мен медальдарын алды.

Соғыс дегеннің өзі халықтың бүкіл заттық және рухани күшін барлық жағынан сыңға түсіретін қатал сын екенін Ленин әлде неше рет атап көрсеткен болатын. Молшері, көлемі жағынан бұрынсоңды болып көрмеген, 4 жылға жақын уақытқа созылған Советтер Одағының гитлершіл Германияға қарсы Отан соғысы совет халқының күші мен қуатын байқайтын, совет құрылысының беріктігі мен табандылығын байқайтын тамаша сын болды. Біздің қарулы күшіміз және бүкіл халық шаруашылығымыз соғыс сынынан сүрінбей өтті. Советтік мемлекетіміз, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы, еліміздің халықтарының достығы, бүкіл совет халқы соғыс сынынан сүрінбей өтті. «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін берген ұлы құрбандығымыз, соғыс кезінде халқымыздың көрген ұшап-теңіз азабы мен таршылығы, Отанымызды қорғау үшін тылда және майданда істеген қажырлы еңбегіміз босқа кетпей, жауды толық жеңумен аяқталды». (Сталин).

Партия мен үкметтің басшылығы арқасында еліміз соғысқа дейінгі жердің өзінде күшті әскер жасаған болатын. Партияның орасан зор күш жұмсауының арқасында Отан соғысы кезінде Қызыл Армия өсіп, нығайып отырды. Өзінің Армиясының ең таңдаулы техникамен қамтамасыз ету жолынан совет халқы ешнәрсен аяған жоқ. Сан миллиондаған Қызыл Армия соғыс үстінде қазіргі заманның ұрыстарын жүргізудің мол тәжірибесін кұрап, ең таңдаулы ысылған армияға айналды. Қызыл Армияның қарларын большевиктер партиясы совет отаншылдығы рухында, социалистік Отанға шын берілу, оны жанындай жақсы көру рухында тәрбиелен келді және тәрбиелеуде. Қызыл Армия қатардағылардың идеясының жоғарылығы, саяси саналылығы орыс армиясының дақты жауынгерлік дәстүрі, тамаша қаруланғандығы, әскер өңіріне төндесі жоқ шеберлігі, Сталиндік тамаша стратегия мен тактика, Сталиндік соғыс ғылымы және Сталин жолдасның басшылығы—гитлершіл қарақшылардың жеңуіне қамтамасыз еткен маңызы

Ленин—Сталин партиясының басшылығы арқасында орнатылған совет строны бейбітшілік құрылыс жылдарында елдің экономикасы мен мәдениетін өркендету ісінің ең қолайлы түрі болғаны өз алдына, сонымен қатар, соғыс кезінде жауға соққы беруде еңбекшілердің барлық күшін жұмылдырудың ең қолайлы түрі болып шықты. Мұны соғыс тәжірибесі айқын көрсетті. Біздің партия өнеркәсіпті, транспорт пен ауыл шаруашылығын соғыс жағдайына бейімдеп тез қайта құра білді. Сөйтіп, Қызыл Армияны соғысты ойдағыдай жүргізуге қажетті нәрсенің бәрімен қамтамасыз етті. Өнеркәсіп барынша қысқа мерзім ішінде қару, оқ-дәрі, соғыс жабдығын шығаруға тез көшірілді. Майдан маңындағы аудандардан мыңдаған фабрикалар мен заводтар шығысқа көшіріліп, бұрын соңды болмаған қысқа мерзім ішінде жаңа орындарда жұмысқа қосылды, сөйтіп, олар майданның көрегіне өнім беріп бастады. Өнеркәсіп орындарын жаудан құтқарған және соғыс кезінің аса қиын жағдайларында қайтадан қалпына келтірген жұмысшыларды коммунистер бастап отырды. Ленин—Сталин партиясы бүкіл елімізде кең өрістеген күшті социалистік жарықты ұйымдастырып, оған бас болды. Бүкіл халықтық социалистік жарыс өнеркәсіп өнімін еселеп мол шығарудың қайнар бұлағы болды. «Партияның ұйымдастырушылық жұмысы совет адамдарының барлық күшін біріктіріп, ортақ мақсатқа бағыттады, күшіміз бен құрал-қаржымыздың бәрін жауды талқандау ісіне бағындырды». (Сталин).

Партияның бастауы бойынша сталиндік бесжылдықтар ішінде салынған өндіріс күштері, оған қосылған жұмысшы табының игілікті жігері елімізге соғыс кезінде де Қызыл Армияны үздіксіз жабдықтаумен қатар, оның үстіне ескі кәсіп орындарын қайта құрып, ұлғайтуға және жаңа кәсіп орындарын салуға мүмкіншілік берді. Соғыс жылдарында Сібір мен Уралда, солтүстікте және Орта Азияда жаңадан ондаған металлургия және машина жасайтын заводдар, Домна пештері, электр станциялары, жүздеген жаңа көмір шахталары салынып, қатарға қосылды.

Коммунист партиясының басшылығы арқасында Советтер Одағының жұмысшы табы Отан соғысында еңбек майданында ұлы ерлік жасады. Партия жұмысшы табын соғыс өңірінен үздіксіз ұлғайта бер

кент қызылшасы, күнбағыс, темекі тағы сол сияқты егістерді меңгеріп, көп көлемде еге бастады. Жаудың қолына түскен жерлердегі егіс жерінен уақытша айрылудың орны шығыс облыстарда егілетін жер көлемін ұлғайтумен толықтырды. Соғыс кезінің елеулі қиыншылықтарына қарамастан, колхоздарымыз бен совхоздарымыз бүкіл Отан соғысы бойына Қызыл Армия мен елімізді азық-түлікпен, ал, өнеркәсіпті—шикі затпен үздіксіз жабдықтап отырды. Колхоз құрылысы болмаса, колхозшылар мен колхозшы әйелдер жан аямай еңбек етпесе, онда біз бұл аса қиын міндетті шешіп алмаған болар едік. Партиямыздың бұдан 15 жыл бұрын жасайтын коллективтендіру ісін жүргізіп, кулактарды тап ретінде жою саясатын іске асырғаны қаншалықты көргендік, даналық іс болғанын отан соғысы айқын көрсетті. Сталин жолдас былай деп көрсетті: «...армиямыз азық-түлік жөнінде кемшілік көрмей отырған болса халқымыз азық-түлікпен, ал, өнеркәсібіміз шикі затпен жабдықтаумен отырса, бұл колхоз құрылысы күшінің және ол өмір тұлғасы екендігінің, совет шаруаларының отаншылдығының арқасы». Колхозшы шаруа майданға көмектесу үшін жан аямай еңбек етті, неміс басқыншыларға қарсы соғысты ол өзінің төл ісі, өмір мен бостандық үшін жүргізілген күрес деп танығанын көрсетті.

Отан соғысында біздің транспорт үлкен орын алды. Соғыс кезінің қиыншылықтарына, отынның жеткіліксіздігіне қарамастан, транспорт соғыстың алғашқы кезінде орасан көп станоктарды машиналар мен шикі зат қорларын көшіру ісін ойдағыдай жүргізді. Соғыс жылдарында транспорттың жұмысты мүлтіксіз істеуінің арқасында, миллиондаған адамдар тасылды, майданға әскер, қару-жарақ, оқ-дәрі, азық-түлік, киім жабдығы дер кезінде жеткізіліп тұруы қамтамасыз етілді. Соғыстың аяқталар кезінде Қызыл Армияның қатынас жолы мүлдем ұзап кеткен кезде, ал, оқ-дәрі жөніндегі қажет мейлінше артқан кезде транспорттың орны ерекше айқын көрінді.

Қызыл Армияның қаны бір туысқаны екенін транспорт іс жүзінде көрсетті. Сталин жолдас біздің транспорт жұмысшылары мен қызметшілерінің сіңірген еңбегін жоғары бағалады. Совет үкметі темір жол транспортының көп қызметкерлеріне Социалистік Еңбек Ері деген хұр-

Советтер Одағының барлық халықтарының ынтымағын бұрынғыдан да күшейтуге негіз болды. «Еліміздің Халықтарының достығы»,—деді Сталин жолдас,—соғыстың қиыншылықтары мен сындарының бәрін төтеп берді, барлық совет адамдарының Фашист басқыншыларға қарсы ортақ күресінде одан сайын шынықты. Советтер Одағының күшінің қайнар бұлағы осында».

Партиямыз бен совет мемлекетінің ұлт саясаты неміс фашистерінің және адамға өшпенділік идеологиясын толық жеңіп шығуымызды қамтамасыз етті, сонымен қатар, халықаралық маңызы бар ірі мәселеге айналды. Совет халқы сыртқы саясаттағы табыстарға коммунист большевиктер партиясының арқасында жетті. Сталиндік данышпандық сыртқы саясат бостандық сүйгіш халықтарын Гитлерге қарсы айбынды одағын жасауға, фашистік Германияға қарсы күресте жауынгерлік ынтымақ орнатуға жеткізді. Советтер Одағының беделі мен ықпалы әлшеусіз артты, Советтер Одағының басқа мемлекеттермен байланысы ұлғайып, нығайды. Мұның өзі жауды тезірек талқандауға үлкен әсерін тигізді. Қызыл Армияның соққысына төтеп бере алмай, Гитлер Германиясы өзінің одақтастарының бәрінен айрылып, халықаралық жағдайда жалғыз қалды да, ақырында біржолата күйреді. Советтер Одағының халықаралық беделі мен ықпалы Европаны соғыстан кейінгі жерде тәртіптеу ісінде де маңызды орын алмақ.

Марксизм-ленинизмнің ең алдыңғы қатарлы ғылыми теориясын нұсқау ете отырып, большевиктер партиясы Сталин жолдас арқылы соғыстың бағытын және совет халқының жұмыс программасын белгілеп қана қоймай, оның үстіне еліміздің еңбекшілеріне соғыстың немен тығызатынын айқын, анық көрсетіп берді. «Біздің ісіміз әділ, жау талқандалады, біз жеңіске жетеміз» деген Сталиндік ұран советтің әрбір азаматының ұранына айналды. Ол алып жарық жұлдыздай соғыстың ең қиын күндерінде күресіміздің айқын жолын көрсетіп, жеңіске жеткізді.

Соғыстың әрбір кезеңінде партия Отан соғысының майдандарындағы жағдайды халыққа жасырмай, бұрмаламай, дәл айтып беріп отырды, ішкі және халықаралық жағдайды анық, дәл айтып беріп отырды, сөйтіп, еңбекшілерді жеңіс жолында қажырлы күрес жүргізуге жұмыл

сүрінбей өтетінін жақсы білді.

Партия қатарының Улы Отан соғысы кезінде көп өскені оның беделінің орасан арқауын көрсетеді. Миллиондаған совет отаншылдары—Қызыл Армияның жауынгерлері, жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенттер партия қатарына түсті, олар соғыстың ең қиын күндерінде партия қатарына түсуге жұмылды. Қазір біздің партиямыздың қатарында 5 миллион 700 мыңнан аса адам бар «Соғыс кезінде партия халықпен одан сайын біте қайнасып, еңбекшілер қалың бұқарасымен одан сайын тығыз байланыс жасады». (Сталин).

Партияның таңдаулы адамдарының ұлы ісін отанымыз жоғары бағалап, оларға ордендер, медальдар берді. Советтер Одағының Батыры және Социалистік Еңбек Ері деген хұрметті атақтар берді. Соғыстың үш жылының өзінде 700 мыңнан аса коммунистке Советтер Одағының ордендері мен медальдары берілді. Советтер Одағының дақты, Батырларының жартысынан көбі большевиктер партиясының мүшелері. Екі рет батырлық атағын алғандардың бәрі дерлік коммунистер. Партия мен үкмет басшыларына, И. В. Сталин, В. М. Молотов, М. И. Калинин, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, Л. П. Берия, Г. М. Маленков жолдасарға, большевиктер партиясының басқа да көптеген таңдаулы адамдарына Отанымыз Социалистік Еңбек Ері деген хұрметті атақ берді. Олардың социалистік құрылысқа және жеңіс үшін жауды талқан дау ісіне сіңірген еңбектерін жоғары бағалады.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Сталин жолдасқа Советтер Одағының Батыры атағын беру, әскерлік ең жоғарғы атақ Советтер Одағының Генералиссимусы атағын беріп және оны екінші рет «Жеңіс» орденімен наградтау туралы шығарған Указдарын еліміз үлкен риза болып қарсы алды. Бұл Указдар бүкіл совет халқының ой-тілегін білдіреді, оның большевиктер партиясына деген және Отанымызды неміс-фашист басқыншылардан құтқарған Сталин жолдасқа деген шексіз алғысын бейнелейді.

Қазір, Европада соғыс аяқталған кезде, партия мен үкмет Қызыл Армия қатарындағылардың санын бірәз азайтуға болады деп тауып отыр. Қызыл Армия бұрынғыдан аз күштің өзімен алдында тұрған міндеттерін ойдағыдай атқара алады. Бұл ССРО Жоғарғы Советінің XII сес

иделер жауға қарсы күресте айбын үшін болды. Оның өзінің тағдыры адамдарын алға аттандырды. Коммунистер айды Қызыл Армияның халық жаса аталандары мен полктарының алғашында болды. Олар партизаншысын ұйымдастырып, оған басшы етті, ұрыс даласында жүректіліктің ормандықтың үлгісін көрсетті. Парамандарына ең алдымен, Қызыл Армен Соғыс-Төңіз Флотындағыларға партизандардың бойына біткен тамаша етті—совет отаншылдығын, күрес атырлықты, қаһармандықты, ескенуді білмеушілікті, отанның жаулары арсы ақырғы шегіне дейін халықпен болып күрес жүргізуді үздіксіз ұй-

нистер жаудың тылында мыңдаған партизан отрядтарын ұйымдастырып, неміс-фашист басқыншыларға қарсы рахымсыз күрес жүргізді. Неше жүз мыңдаған гитлершіл қарақшыларды партизандар қара жер қаптырды. Бұл қыймылдары арқылы советтің даңқты партизандары жаулы талқандау ісінде Қызыл Армияға зор көмек көрсетті.

Онан аса мейлекетті жаулап алған, бүкіл Европаны дерлік шаруашылығын әскерінің қызметіне жұмылдырған фашистік Германияға қарсы соғыс еліміздің алдына өте-мөте зор және өте-мөте қыйын міндеттер қойды. Мұндай қыйын міндеттерге бұрынғы соғыстарда да, қазіргі соғыста да ешбір мемлекет кездескен жоқ дегенді еркін айтуға болады.

Сқақ батырдың ауылында

Қаһарман халқымыздың гитлершіл Германияға қарсы Ұлы Отан соғысы майданындағы ерлер арасынан сән мыңдаған даңқты ерлер туғызды. Қанышерлер қарсы жойқың ұрыс қыймылдарына тамаша ерлік көрсетіп, елін сүйсірген сол даңқты батырлардың бірі—батыр Одағының Батыры Сқақ Ыбығұлжолдас.

Сқақ Солтүстік Қазақстан облысының ақ ауданындағы «Октябрь» колхозының жетіні. Қария адамдар бұл колхоз Сқақ батырдың арғы атасының есімі Табынбай аулы дейді екен. Бұл ауыл Ұлы Отан соғысы кезінде облысымызға ғана емес, бүкіл елге даңқты шыққан ауыл болды. Өйткені бұл ауыл Сқақ Батырға алтын болған ауыл. Батыр осы ауылда өскен.

Халқымыз елін-жерін жаудан қорғаған ерлерді ежелден ерекше қадірлейтін. Бұл Табынбай аулы тойға қызу әзірлік еді. Колхозшылар өздерінің батырлығын қуанышпен қарсы алу үшін жанындағы Алуа дөңіне жыйналды. Дөңде, Табынбай ауылы Сқаққа арнап өкінішті рет той өткізгелі еді. Оның біріншісі 1911 жылы батыр күші, жайлауда өткізілген шідехана інісіне, қазір екінші той да осы өткізілгелі отыр.

Той көрген қариялар: «Ата көрген олар» деген осы-ау. Өткен бір заңды. Ыбырайдың ағасы Жарлықамыстың айдалада өзіне қарсы ұмтылған қолына қаруы болмаса да соғып ауылға сүйретіп әкелгендігін еске алады. Енді біреулер: Сқақ ертеде өткен олардан өзгеше. Ол жауға қарсы кесектен ұрыстарда үш жыл бойы бел естен шайқасын, жорықты жеңіспен

аяқтап, туған елге жеңіспен келген Сталин заманының батыры емес пе! деп, батырдың келер жолына көз тіге қарап тұр.

* * *

Ақан серінің Құлагерінде жүйткіген үш жеңіл машина ауылға жақындап қалды. Батырын күткен колхозды ауыл адамдарының қуанышы қойнына сыймады. Олар қызу қол шапалақтап, батырға арнап шашу шашты. «Өркенің өссін, батырым!», «Қош келіңіз ардагер ұлым!», деген дауыстар естілді.

Кеудесінде Ленин ордені мен Алтын Жұлдыз медалі жарқыраған гвардия лейтенант Сқақ машинадан түсті. Иіні тірескен халық батырды қоршай қалды. Бұлардың арасында Сқақтың анасы Жақыт, жары Батиха, қызы Қарлығаш, ағалары Сұлеймен, Мейрам және облыстық совет атқаміні председателінің орынбасары Скворцов, ҚБ(б)П аудандық комитетінің секретарлары Плевако, Гаев тағы басқа жолдастар бар.

Отанымыздың мерейін үстем еткен, қазақ халқының ардагер ұлын әлпештеп өсірген Сқақтың сағынып күткен туған туысқандары мен жерлестері кұшақ жаппай қарсы алды. Батырдың 76 жастағы қарт анасы «Келші құлыным» деп, батыр перзентін кұшағына алып, екі бетінен алма кезек сүйді. Аңсап күткен ана қуанғанынан көзіне жас та алды.

* * *

Ауылдың орта шеніндегі биік қос ағаш үйдің үстінде Қызыл Ту желбіреп тұр. Бұл батырдың үйі. Міне, осы үйде батырдың келуіне арналған той болды. Халық ақыны Жұмыс батырға арнап жыр толғады. Домбырашылар Аманбай мен Баяхмет халықтың әсем күйлерін

мыз танкітерді, самолеттерді, зеңбіректерді, минометтерді, оқ-дәріні соғыстың бас кезіндегіден бірнеше есе артық жасап отыр... Қызыл Армияның танкітері, зеңбіректері, самолеттері,—деді Сталин жолдас,—қазіргі уақытта неміс армиясының пен кем емес, қайта одан көп, соғыс техникамыздың сапасына келсек, ол жаудың қару-жарағынан әлдеқайда артық».

Партия ауыл шаруашылығын соғыс жағдайына бейімдеп қайта құру жөнінде орасан көп жұмыс істеді. Украинаның, Лон мен Кубаның бірсыпыра астықты аудандары жаудың қолына уақытша қалуымен байланысты кейбір ауыл шаруашылық егістерін бір жерден екінші жерге ауыстырып егуге тура келді. Шығыс облыстар мен Орта Азия республикалары

тартты. Өн мен күй Есіл суындай тасқындап өткен мереке кеші таңға барып ұласты.

Келесі күні колхозда батырға арнаған митингі өткізілді. Бастауыш партия ұйымының секретарі Бөрлібаев жолдас митингіні ашып, Сқақ батырға сөз берді. Колхозшылар қол шапалақтап, батырға хұрмет көрсетті.

—Қымбатты жерлестерім, даңқты Қызыл Армия жауынгерлері атынан Сіздерге жалынты сәлем жолдаймын!—деп бастады ол сөзін.

—Кеменгер Сталиннің данышпандық басшылығы арқасында біздің қаһарман Қызыл Армия жаудың күлін көкке ұшырды. Такаббар Берлиннің шаңырағы ортасына түсті. Рейхстагқа жеңіс туы тігілді. Еңбек майданының жауынгерлері—Сіздер тарихи жеңісімізге көп үлес қостыңыздар. Бұл—зор аброй.

Мен, майданшылардың ерлік істері жөнінде бір аз мысал келтірейін.

Өткен январь айының 14. Түн. Сізді рота командирі шақырады деді, мені шақыра келген аға сержант. Мен ол кезде влод командирі едім.

—Сіз,—деді гвардия капитан Федулов,—өз взводыңыздан екі жауынгерді ертіп, Висла өзенінен қолайлы өткел табу сапарына аттаныңыз...

—Айтқаныңыздың барлығы орындалды капитан жолдас,—дедім.

Біз Альдохин, Морозенко үшеміз барлауға аттандық. Аса маңызды тапсырма алып, орман ішімен жүріп келеміз. Шама лауымызша Висла өзені алыс емес. Көп кешікпей өзен жағасына келіп жеттік. Немістер өзенді бомбалап, мұзын бұзған екен. Өту қыйынға айналды. Жау үсті-үстіне оқты боратып тұр. Өткел жоқ. Су ағыны қатты. Тәуекел, жігіттер. Үйдей тасты домалатып ағып жатқан Үшбұрылдан батыр бабамыз Наурызбай да өткен. Түсіңдер менің соңымнан—деп, суға түсе

алдына қойған болатын. Партияның таңдаулы адамдары осы жұмысқа жіберілген. Мұның патижесі көп кешікпей-ақ жарыққа шықты. Жүздеген өнеркәсіп орындары, мыңдаған колхоздар қалпына келтірілді және қалпына келтірілуде. Мұндай орасан зор міндетті шешу тек совет мемлекетінің, тек совет халқының ғана қолынан келетін іс. Социалистік құрылыс және большевиктер партиясының басшылығы азат етілген облыстардың шаруашылығы мен мәдениетін тез және ойдағыдай өркендетуге мүмкіндік береді.

Большевиктер партиясы барлық ұлттар мен халықтардың теңправдылығын, теологиясын, халықтардың достығы мен өзара хұрметтеу саясатын іске асырып келеді. Мұның өзі Отан соғысы кезінде

қалдым. Құлаш ұрып, оңжақ қанатқа қарай жүзі бастадық. Ағын алпарысты. Оқ жауын тұр. Бірақ ол сағымызды сындыра алмады. Өзеннен өтіп, белімшелерімізге хабар бердік. Көп кешікпей әскерлеріміз Вислага жақын келді де, ешбір шығынсыз өзеннен өтті. Немістер өзен бойына қуатты бекініс жасаған болатын. Бірақ, біз олар күтпеген жерден тіке шабуыл жасап, ілгері ұмтыдық. Ракета атып белгі беріп, немістердің тұрған жерін нұсқадық. Ауыр зеңбіректеріміз жаудың әскерлері шоғырланған жерге несерлетіп оқ жаудырды. Балімшелеріміз жаудың қорғаныс шебін бұзып, алға басты.

Бұл ұрыстарда бөлімдеріміз немістердің біріне біріне күшті тіректі қорғану бекіністерін алды. Бұған біздің взводтың жауынгерлері де қатысты. Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Генералиссимусы Сталин жолдас 1945 жылғы 16 январьдағы бұйрығында біздің дивизияның жауынгерлеріне алғыс айтты.

Немістердің қорғану шебін бұзып өту ұрыстарында өте-мөте кезге түскен гвардия генерал-майор Соколовтың басқаруындағы біздің дивизияның жауынгерлері ордендермен наградталды. Висла өзенінен өту және немістердің күшті тіректі қорғану бекіністерін алу жорығына қатынасып, наградталғандардың ішінде Федулин, Альдохин, Морозенко жолдастар мен бірге маған да Советтер Одағының Батыры деген ең жоғарғы атақ берілді.

Бұл даңқты атақ жалғыз маған ғана емес, Сіздерге де ортақ. Өйткені, мені тәрбиелеп өсірген Сіздер. Сіздердің майданға аттандырарда тапсырған аманаттарыңызды аброймен орындағаным өзімді бақыттымын деп санаймын.

Ерлік істерімізді жоғары бағалап, даңққа бөлеген үкметіміз бен кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа көп рахмет!

әрі бұрынғыдан да берік болып шықты. Совет халқы Гитлершіл Германияны соғыс жағынан, экономика жағынан, саясат және идеология жағынан түгел жеңіп шықты. Бұл жеңіске совет халқы большевиктер партиясының, оның дұрыс саясатының, оның дұрыс басшылығының арқасында, марксистік-лениндік ғылымның жұмылдырушы, ұйымдастырушы күші екендігінің арқасында жетті. Біздің большевиктік партия қалың халық бұқарасының мүддесін барлық жағынан көздеп, мейлінше толық қамтып отырады. Дүние жүзіне мұндай партия болған емес және бола алмайды. Совет халқы өзінің тағдырын Ленин—Сталин партиясына сеніп тапсырды. Өйткені, оның басшылығы арқасында қандай сынға болса да,

Салтанатты митингіге жыйналған колхозшылар ду қол шапалақтап, Сталин жолдасқа зор хұрмет көрсетті. Батыр сөзінің қорытындысында колхозшыларды бұрынғыдан да қажырлы қайрайтпен еңбек етіп, еліміздің күші мен дәулетін арттыра беруге, мемлекет алдындағы бірінші парызы мұлтіксіз орындауға, бітік шыққан егінді ысырапсыз тез жыйнап алуға шақырды.

Митингіде колхоз председателі Күсанов, колхоз үгітшілері Қозыбаев, Әубәкіров, стахановшы колхозшылар Қасымов, Нұрмағамбетов тағы басқа жолдастар сөз сөйлеп, колхоз шаруашылығын өркендету беруге, мемлекет алдындағы міндеттемені аброймен орындауға колхозшылар атынан сөз берді.

Митингіден кейін, ҚБ(б)П аудандық комитетінің секретарі Плевако жолдас батырдың анасы Жақытқа шапаң жауып, батырға арнап қонақ асы берді.

* * *

Сқақтың әкесі Ыбырай бар өмірін байларда жалшылықта өткізген. Ол жам басы жерге тимеген балуан болған адам.

Ыбырайдың замандасы 86 жастағы Оразымбет қарт өзінің әңгімесінде: Ыбырай жамбасы жерге тимеген балуан еді. Ол шаршы тонта бас балуанның бәйгесін жіберген емес. Ыбырайдың әкесі Байжан артық сез сөйлемейтін. жұныны ғана шаруашылығы бар өзіне-өзі тоқ ұй болған. Ал Байжанның әкесі Жарлықамыс кұр қолмен ая соққан батыр болыпты. Жарлықамыстың әкесі Табынбай. Міне, осы ауыл Табынбайдың ұрпақтары. Ауыл атының Табынбай деп аталу себебі де осыдан. Табынбайдың бірге туған ағасы Құрымсы. Ол шешен адам болған екен. Құрымсы малға кедей болса да, сөзге бай болған. Қарақылды қар жапқан әділ шешен болғандықтан Құрымсы би деп атайды екен. Құрымсы бимен бір жыйында кездескен хан: «Уа шеше-

үшін, партия үшін, Сталин үшін!» деген жеңімпаздық ұранмен ұрысқа аттану, жаудың құл-талқанын шығарды. Бұл сөздер совет халқының Отанына деген, большевиктер партиясы мен Сталин жолдасқа деген сүйіспеншілігінің күші шексіз зор екенін айқын бейнеледі. Ленин.—Сталин партиясының басшылығы арқасында совет халқы Гитлер Германиясына қарсы соғыста жеңіске жетті. Большевиктер партиясының және ұлы көсеміміз Сталин жолдасдың басшылығы арқасында еліміздің еңбекшілері советтік Отанымыздың соғыстық-экономикалық қуатын шығайта беру жолымен еліміздің заттық және рухани күшін бұрын-соңды болмаған дәрежеде өркендету жолымен еркін алға баса береді.

Н. КУЗНЕЦОВ.

нім, етігінді нокталап алғаның не?» дегенде, Құрымсы тұрып:

Қадірлімнің барында ағ мінсі ем қос-қостан.
Осы ханның түсында етік қилім нокталап.

Етік бар да, ұлтан жоқ.
Қадір білер сұлтан жоқ» депті.
Шешенді сөзден тоқтатпақшы болып үйіңе барамыз деп, оның үйін кемейтін кекеткен бір байға:

Болар-болмас күйім бар,
Сүңгіле тұрған ұйым бар.
Құрымсының үйі десе нанғысыз,
Алғыс үйрек қамаса ішінде бірі қалғысыз—деген екен.

Міне сол балуанның баласы, Жарлықамыс батыр мен Құрымсы шешеннің шөбересі осы Сқақ. Ол ата-бабаларына дарыған хасиетті бойына сақтаған ер.

Сқақ әкесі қайтыс болғаннан кейін ағасы Мейрамның тәрбиесінде болды. Революцияға дейін тұрмыстан жүдеушілік көрген Мейрамның ерте кезде Сқақты оқыта алмағандығы да осыдан. Сқақ 1929 жылдан бастап ұдайы екі жаз үлкен дер мектебінен оқыды. Одан соң мұғалім дер дайындайтын бес айлық курсті бітіріп, Ленин ауданындағы «Жарқайың» бастауыш мектебінде оқытушы болып қызмет істеді. Ал, 1937 жылы Петропавлдағы Қазақтың Педагогикалық училищесін бітіргеннен кейін «Жарқайың» колхозындағы бұрынғы қызметіне қайтадан барды.

Міне содан кейін 1942 жылы Сқақ «Октябрь» колхозынан майданға аттанған болатын.

Халқымыздың батырлық дәстүрін бойына сақтаған Сқақ ел аманатын аброймен орындады. Сқақ қазақ халқының даңқты батыр ұлдарының бірі. Оны халқымыз мақтан етеді.

Иіпберген УӘЙІСОВ,
Приешім ауданы, «Октябрь» колхозы.

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.